

Банк кепілдігін алу үшін қажетті құжаттар

1. Өтініш берушінің қолы қойылған, банк кепілдігін пайдалану мақсаты және өтініш берушінің банк алдындағы міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін ұсынылуы мүмкін басқа ықтимал қамсыздандыру кепіл затының сипаттамасы мазмұндалып көрсетілген өтініш.
2. Банк кепілдігін алуға өтініш беруші-заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі;
3. Өтініш берушінің міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету үшін кепіл затын ұсынуға кепіл беруші-заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі;
4. Құрылтай құжаттарының немесе немесе қарыз алушының қарапайым акцияларының бес және одан көп пайызына ие акция ұстаушыларының, қарапайым акциялардың бес және одан көп пайызына ие қарыз алушының қатысушы/акционерлері тізілімінің нотариалды куәландырылған көшірмесі, сонымен қатар өтініш берушінің жарғылық капиталындағы үлестің бұдан кейінгі соңғы меншік иесі туралы ақпаратты ашатын құжаттар. Егер өтініш берушінің құрылтайшысы (акционері) Қазақстан Республикасындағы бейрезидент болса, бейрезидентпен уәкілетті тұлғаға заңды тұлғаны (өтініш берушіні) басқару құқығы берілген, Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына сәйкес ресмилендірілген немесе расталған сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі болуы тиіс;
5. Заңды тұлғаның қолтаңба үлгілері және мөрдің баспа-таңбасымен нотариалды куәландырылған карточка, сонымен қатар өтініш берушінің атынан кепілдік және кепілзаттық құжаттарға қол қоюға уәкілетті тұлғаның өкілеттігін растайтын, банктің талаптарына сәйкес расталған құжаттың көшірмесі;
6. Соңғы есептік жылдағы қаржы есеп-қисабына қосымшасымен, соңғы тоқсанға және соңғы есептік жылға өтініш берушінің-заңды тұлғаның қаржы есептемесінің көшірмесі, өтініш берушінің-заңды тұлғаның қаржылық жай-күйі туралы талдау жасауға мүмкіндік беретін салық декларациясының көшірмесі;
7. Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылатын өтініш беруші-заңды тұлғаның соңғы он екі айда тиісті банк шоты бойынша айдың басындағы және соңындағы кіріс-шығыс ақша қалдығы көрсетілген айналымы туралы қызмет көрсетуші банктің анықтамасы;
8. Өтініш берушінің мемлекетіндегі уәкілетті органмен берілген заңды тұлғаның-бейрезиденттің мәртебесін куәландыратын құжаттың көшірмесі (егер өтініш берушінің қарызгері Қазақстан Республикасының бейрезиденті болған жағдайда);
9. Өтініш берушінің салық есебіне қойылғаны фактісін растайтын тіркеу органымен берілген, белгіленген үлгідегі құжаттың көшірмесі;
10. Өтініш беруші-заңды тұлғаның соңғы үш айда бюджетке салық және басқа міндетті төлемдер бойынша берешегінің жоқтығын растайтын салық қызметі органымен берілген құжат;
11. Банктің ішкі құжаттарымен белгіленген талаптарға сәйкес банк кепілдігін ұсыну кезінде жылжымайтын мүлікті бағалау бойынша қорытынды (оның нарықтық құнын анықтайтын және дәлелдейтін);
12. Мемлекеттік тіркеу белгісі бар жылжымайтын мүліктің құқығын растайтын құжаттардың көшірмесі (жылжымайтын мүліктің құқығын орнатушы құжаттардың түпнұсқасы банк қоймасында сақталуы тиіс);
13. Жылжымайтын мүлікке кепіл туралы шарт жасау күніне уәкілетті органнан (жылжымайтын мүліктің тіркелу орны бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы) тіркелген құқықтары және ауыртпалықтары туралы анықтама;

Мәлімет үшін: Аталмыш тізібе Сіздің жобаңызды талдау үшін берілген ең аз құжаттардың тізімі болып саналады. Көрсетілген құжаттарды қарастыру кезінде қосымша